

**«Алматы қаласы Орталықтандырылған кітапхана жүйесі» КММ мен  
«Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық  
кітапхана» РММ арасындағы  
өзара ынтымақтастық туралы меморандум**

Алматы қаласы

«\_\_» желтоқсан 2023 ж.

**1. Жалпы бөлім**

«Алматы қаласы Орталықтандырылған кітапхана жүйесі» КММ (бұдан әрі – «1-тарап»), директор **Бектембаев Мейрам Еркенұлы** өкілдік етіп, Жарғы негізінде әрекет ететін және

«Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана» РММ (бұдан әрі – «2-Тарап») Жарғы негізінде әрекет ететін директор **Байузаков Асхат Кусайнович** ұсынатын, аталған тараптар бірлесіп шарт жасасты. Ынтымақтастық туралы меморандум (бұдан әрі – Меморандум) тиімді ақпарат алмасу жүйесін құру, оқуды қолдау мен дамыту саясатын қалыптастыратын және жүзеге асыратын бөлімшелер арасындағы үйлестіру және ынтымақтастық, бірлескен жобаларды іске асыру мақсатында өзара қызметтік келісім ретінде қабылданады.

**2. Тараптардың келісім аймағы**

Тараптар келесі салалардағы ынтымақтастықты көздейді:

1. Тараптарға кітапханалардың кітапханалық-ақпараттық ресурстарын пайдаланудың мол мүмкіндіктерін беру;
2. Ерекше қажеттіліктері бар оқырмандарды қолдауға бағытталған түрлі іс-шаралар өткізу;
3. 1-Тарап А. П. Чехов атындағы Орталық қалалық кітапханада, «Alatau Creative Hub» орталығында, Қазақстан жазушылар кітапханасында және №4 кітапхана-бөлімшесінде мамандандырылған орындарды ұйымдастырады, бағдарламалық-аппараттық құралдарды, оқу машиналарын, сондай-ақ ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін, оның ішінде 2-Тараптың оқырмандары үшін арнайы Брайль дисплейлерін ұсынады;
4. 2-Тарап 1-Тараптың жоғарыда аталған кітапханаларының өтінімі бойынша мамандандырылған әдебиеттермен (Брайль бойынша бедерлі-нүктелі қаріппен жазылған кітаптар, сондай-ақ ірі қаріппен басылған жазық-баспа әдебиеттер) қамтамасыз етеді;
5. Тараптар осыған байланысты семинарлар, конференциялар өткізу және басқа да ұйымдастырылған іс-шараларға қатысу арқылы жинақталған тәжірибе мен білім алмасады;
6. Тараптардың келісілген шарттары бойынша басқа да қызмет түрлерін іске асыру.

**3. Тараптардың өзара әрекеттестігі**

Осы Меморандумның аясында Тараптар өзара Қазақстан Республикасының заңнамасын, Бала құқықтары Конвенциясын және басқа

да нормативтік – құқықтық актілерді басшылыққа алады және теңдік, ашықтық және тұтастық принциптерін жүзеге асыруға әрекет етеді.

Тараптар өзара осы Меморандум аясындағы міндеттерді іске асыру және орындау мәселелерін бекітілген уәкілетті өкілдері арқылы бірлесіп шешуі тиіс. Барлық өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың жазбаша келісімімен осы Меморандум шеңберінде жасалуы тиіс.

#### 4. Қорытынды бөлім

Тараптар өзара бірлескен қызмет барысында осы Меморандум шеңберінде ешқандай құқықтық және қаржылық міндеттемелерге әкеп соқпайтын дәрежеде қызмет етуі тиіс.

Тараптар сондай – ақ, осы Меморандумның шеңберінде екі жақтың құқықтары мен құзыреттілігіне нұқсан келетін әрекеттер жасамауы тиіс. Осы Меморандум Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді, сондай-ақ егер екі жақтың бірі оның қолданылуын тоқтату туралы шешім қабылдаса 30 күн бұрын хабарлауы тиіс.

Меморандумның мәтіні қазақ тілінде 2 данада жасалды.

Қол қойылған күн: «\_\_» желтоқсан 2023 ж.

Тараптар қолы:

Тарап 1

Тарап 2

**КММ «Алматы қаласы  
Орталықтандырылған  
кітапханажүйесі»**

Мекен-жайы: Қазақстан  
Республикасы, Алматы қ.,  
Гоголь к. 109  
Тел. +7 (727) 279-84-88

**«Зағип және нашар көретін  
азаматтарға арналған  
республикалық кітапхана» РММ**  
Мекен-жайы: Қазақстан  
Республикасы, Алматы қ.,  
Муратбаева көшесі, 171  
Тел.: +7 (727) 293-70-80



М.Е.



А.К. Байузаков